

Ырғыз ауылының көшесіне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 94 шешімі. Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 желтоқсанда № 3-5-149 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында, бүкіл мәтініндегі "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің 21.09.2016 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және халқының пікірін ескере отырып, Ырғыз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ырғыз ауылдық округінің атаусыз көшесіне - Есболғанов Жақсылық есімі берілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ырғыз ауылдық
округінің әкімі*

Н. ҚЫЗБЕРГЕНОВ